




ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY



Жігітемін
стемиялық сұрақтар бойынша
префектор
Н. Дуйсенгулова
» желтоқсан 2014 ж.

П-02.3-07-2014

**Магистранттардың шетелде ғылыми тәжірибелік
сынақтан өтуін ұйымдастыру туралы ереже**

01 басылым

Алматы, 2014

Дуйсенгулова А.Б. 26.12.2014
**КОПИЯ ПП/П
ВЕРНА**

Бұл құжатты «Алматы Менеджмент Университеті» КЕББМ-нің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе жарым-жартылай көшіруге, көбейтуге және таратуға тиым салынады



1. Жалпы ережелер

1.1. «Алматы Менеджмент Университеті» Коммерциялық емес Білім беру Мекемесі (әрі қарай – «Алматы Менеджмент Университеті» КЕББМ, Университет) магистранттарының шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан (*стажировка*) өтуін ұйымдастыру (әрі қарай – МШҒТСӨҰ) туралы осы берілген Ереже (әрі қарай – Ереже) Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж., № 319-III «Білім туралы» Заңына (өзгерістер және толықтырулар енгізілуімен), ҚР Үкіметінің 2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 Қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі стандартына, Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің Үлгілік ережелері. ҚР Білім және ғылым Министрінің 2008 жылдың 18 наурызындағы № 125 сәйкес жасалған.

1.2. Шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан өту магистранттың жеке жұмыс жоспарында ғылыми-зерттеу/экспериментальды-зерттеу жұмыстары (әрі қарай – МҒЗЖ/МЭЗЖ) шеңберінде қарастырылған.

1.3. Магистранттардың тәжірибелік сынақтан өтуі магистрлік дайындықтың жалпы тұжырымдамасы шеңберінде ұйымдастырылады. Тәжірибелік сынақтың оның мазмұны қамтамасыз етуге тиісті негізгі идеясы шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық қол жеткен жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу.

1.4. Шетелдік ғылыми тәжірибелік сынақтың мерзімі мен мазмұны академиялық күнтізбемен, мамандықтың жұмыс оқу жоспарларымен анықталады және магистранттың жеке жоспарында көрініс табуы тиіс.

1.5. Бітіртуші кафедра шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан өтудің бағдарламасын жасайды және кафедра отырыстарында қарастырылып, бекітіліп, серіктес ЖОО-мен келісілетін есеп беру құрылымын анықтайды.

1.6. Шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан өтудің жеке жоспарын (әрі қарай – ШҒТСЖЖ) (Ф-П-02.3-07-2014-01) магистрант бағдарлама-көшбасшымен және ғылыми жетекшісімен бірлесе әзірлейді. ШҒТСЖЖ екі дана болып әзірленеді, бір данасы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деканатына (әрі қарай – ЖООКБД) өткізіледі де, екінші данасы магистранттың өзінде қалады. Шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан өтудің жеке жоспарын құрастыру бойынша ұсыныстар 1 Қосымшада берілген.

2. Мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты: магистранттарды дайындаудың кәсіби деңгейін көтеру, оқу мамандығы бойынша біліктілігін арттыру;

2.2. Міндеттері:

- оқытылып жатқан мамандығы бойынша кәсіби іс-әрекетінің практикалық дағдыларын, күзінеттіліктерін және тәжірибесін жетілдіру;
- халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларға қатысу;
- шетел тіліндегі білімін жетілдіру және барған елімен теренірек танысу;
- мәдениеті мен жалпы білімінің деңгейін арттыру.

3. Функциялары

3.1. Университет магистранттарының шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан (*стажировка*) өту үдерісін ұйымдастыру шараларымен ЖООКБД айналысады. Барған елінде тәжірибелік сынақты ұйымдастыруды шетелдік серіктес және/немесе оның Қазақстандағы ресми өкілі жүзеге асырады.



Бұрыштама алу, Қазақстаннан шығып кету, шет елге барып жету және шетелдегі тәжірибелік сынақтың шарттары бойынша туындаған мәселелерді магистрант ЖООКБД-да шешімін табады.

3.2. ЖООКБД шетелдік сапарлардың ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етілуімен айналысады.

3.3. Шетелге ғылыми тәжірибелік сынақтан өтуге шығатын топты алдын-ала топтап қалыптастыруды ЖООКБД және бейінді кафедралар жүргізеді.

3.4. Шетелге тәжірибелік сынаққа баруды рәсімдеу үшін магистрант ЖООКБД келесідей құжаттарды тізім бойынша тапсыруы тиіс:

- магистранттың Ректордың атына жазған, ғылыми жетекшісінің, кафедра меңгерушісінің, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Деканатының Деканының бұрыштамалары қойылған өтініші. Өтініштің нұсқасы Ф-П-02.3-07-2014-02 ұсынылған;
- магистрантты шетелге тәжірибелік сынақтан өтуге ұсыну туралы кафедра мәжілісінің хаттамасынан үзінді көшірмесі;
- шетелдік ғылыми тәжірибелік сынақтан өтудің жеке жоспары (Ф-П-02.3-07-2014-01);
- ғылыми тәжірибелік сынақтан өту көрсетілген, магистрантты оқытудың жеке жоспары.

3.5. Құжаттар топтамасының дұрыс рәсімделуі тексерілгеннен кейін магистранттың іссапарға бару жөніндегі өтінішіне ЖООКБД деканы бұрыштама соғады.

3.6. Магистранттардың барлық қажетті қолдар қойылған өтініштері негізінде кафедра магистранттарды шетелге ғылыми тәжірибелік сынаққа жіберу жөнінде ұсыныстар дайындайды. Ұсыныстарға жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Деканатының Деканы бұрыштама қойып, Тіркеу бөліміне шетелге тәжірибелік сынаққа жіберу туралы бұйрықты рәсімдеу үшін беріледі.

3.7. Шетелде тәжірибелік сынақты өткеріп, қайтып оралған магистрант бітіртуші кафедраға, бір аптаның ішінде, тәжірибелік сынақтың бекітілген жоспарына сәйкес (Ф-П-02.3-07-2014-03), ғылыми жетекшісі растап куәландырған, тәжірибелік сынақтың қорытындылары туралы кеңейтіліп жазылған есебін ұсынуы тиіс. Кафедра магистранттардың орындалған есептерін, олар шетелдік ғылыми тәжірибелік сынақтан өтулерін аяқтап келгеннен кейін, ғылыми семинардың отырысында қорғауларын ұйымдастырады. Есепке қосымша шетелдік ғалымның тәжірибелік сынақтың нәтижелері туралы пікірі, нотариус куәландырған аудармасымен бірге берілуі тиіс. ЖООКБД есепті қорғау нәтижесі бойынша кафедра мәжілісінің хаттамасынан үзінді көшірме тапсырылады.

4. Іс-әрекетті жүзеге асырудың тәртіптері

4.1. Ғылыми тәжірибелік сынақтан өтуші магистранттарды іріктеп алудың өлшемдері

4.1.1. Шетелде тәжірибелік сынақтан өтуге қатысуға келесідей талаптарды қанағаттандыратын магистранттар жіберіледі:

- академиялық және қаржылық қарыздары жоқ;
- шетел тілін жеткілікті деңгейде меңгерген, қажетті практикалық тәжірибесі бар және осы шетелдегі тәжірибелік сынақтан өту немесе оқудың нақтылы Бағдарламасының басқа да шарттарын қанағаттандыратын;
- медициналық тұрғыдан қарсы көрсетілімдері жоқ және диспансерлік есепте тұрмайтын;
- Бағдарламаға қатысуымен және шетелге шығумен байланысты шығындарды төлеуге қабілетті магистранттар.

4.1.2. Шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан өту және оқыту мақсатында магистранттарды іріктеуде тілді білу деңгейін тексеру кешенді тестілеуден өткізу арқылы



жүзеге асырылады. Іріктеуден табысты өту үшін магистрант ағылшын тілін білудің ең төменгі B1 – Intermediate деңгейін игергенін көрсетуі тиіс.

4.1.3. Шетел тілін меңгеру деңгейін бағалау үшін құрамына ЖООКБД деканы, Академиялық ұтқырлық бөлімшесінің қызметкерлері, «Шет тілі» кафедрасының оқытушылары енген комиссия құрылады. ТМД шегінен алыс елдерге баруға үміткерлерді іріктеу 100 баллдық шәкілмен бағаланады және мәжіліс хаттамасынан үзінді көшірме түрінде ұсынылады. Жалпы саны 50 баллды жинақтай алмаған магистранттар ТМД шегінен алыс елдерге жіберуге іріктеуден өтпеді деп саналады.

4.2. Тәжірибелік сынақтан өтудің қаржылық шығындары


4.2.1. Шетелде ғылыми тәжірибелік сынақтан өтулері бойынша қаражаты магистрант өз есебінен өтейді. Грант бойынша оқитын магистранттардың шетелде тәжірибелік сынақтан өту шығындарын қаржыландыруды Университет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің м.а. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша қаржылық нормативтерді бекіту туралы» 07.08.2009 жылғы № 374 Бұйрығына сәйкес іске асырады.

4.2.2. Барлық есептесулер магистрант тәжірибелік сынақтан өтетін елдің валютасымен, төлем жасау күнгі ресми курсқа сай жүргізіледі.

4.2.3. Тұру және жол жүру ақысын магистрант тәжірибелік сынақтан өту кезеңіндегі бағалар бойынша төлейді.

4.2.4. Магистранттар шетелдік тәжірибелік сынақтан өтетін ЖОО-ның қызмет көрсету ақысы магистранттың аты-жөні, тегі, тәжірибелік машықтанудан өтудің мерзімі мен құны көрсетілген, қосымша жасалған келісіммен анықталады. Шетелде тәжірибелік сынақтан өтудің шығындарын қаржыландыру магистранттардың өз есебінен атқарылады.

Дайындаған
ЖООКББД деканы


17.12.2014

Н. Никифорова